

ОНЛАЙН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Жакенов Даурен Бауржанович

datu_karasu@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Нұр – Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Дауренбеков Д.Х.

Қазақстандағы оқу жүйесіндегі басты жаңалық – мұғалімдердің жаңаша форматта білімін жетілдіруі болып отыр. Бұл - өркениет үрдісі. Ал қазіргі өркениетке ілесетін адам өмір бойы білімге ұмтылуы тиіс. Мұғалімдік тәжірибемдегі ендігі мақсат – оқу мен оқыту процесінде түрлі кедергілерді жеңе отырып, осы алған білімімді саралап, зерделеп, одан әрі толықтырып, нәтижелі білім беруге бағытталған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану жолдарын іздестіру.

Мемлекет басшысының жарлығымен 2020 жылдың 16 наурыздан елімізде төтенше жағдай жарияланды. Карантин режимі барлық қазақстандықтың өмір сүру дағдысын өзгертіп, білім беру саласын да айналып өтпеді. Коронавирус індетінің кең таралуының алдын алу мақсатында еліміздегі барлық білім беру ұйымы қашықтықтан оқытуға көшірілді. Мұғалімдер аталған уақыттан бастап ерекше форматта өз сабақтарын жүргізе бастады[1].

Білім беру ұйымдары онлайн оқыту үшін түрлі платформаларды тәжірибеден өткізді. Ол платформалардың ерекшеліктері төмендегі

1. Skype қызметін бір мезетте 50 қатысушы пайдалана алады, сондай-ақ файлдарды 30 күнге дейін сақтау мүмкіндігі бар

2. Zoom бейнеконференция провайдері дәріс аудиториясына ыңғайлы, қатысушылар саны 100 адамға дейін жетуі мүмкін, конференцияны 40 минутқа дейін өткізуге болады және сонша уақыт ішінде бейнесеанс жазбасын жүргізуге болады.

3.Proficonf сервисінде конференцияға 25 адам қатыса алады. Өзірлеушілердің мәліметтері бойынша, орнату мен жүктеуді талап етпейді, HD бейне сапасы, 500 Мб дейін сақтау орны, экранды көрсету мүмкіндігі және интернет байланысы нашар болғанда да жұмыс істейді. Бірақ iOS қосымшасы жоқ.

4.Google Hangouts 10 адамға дейін кішкентай топтарда жұмыс істеуге болады, жүктеуді және орнатуды талап етпейді. Бейне қарым-қатынас алаңы туған-туыстарымен және достарға арналған.

5.Arreag.in – онлайн кездесулер өткізгісі келетін пайдаланушылардың бірлескен жұмысының құралы. Мұнда 4 адамға дейінгі кішкентай топтарда жұмыс істеуге болады, сервисті жүктеу немесе орнатудың қажеті жоқ, конференцияның шексіз уақыты және экранның "шерингі" опциясы өте ыңғайлы [2].

Осы аталған платформалармен педагогтар білім алушымен онлайн түрде тікелей байланысқа шыға алады. Педагогтарға, студенттер мен оқушыларға онлайн-оқыту үшін ыңғайлы платформаларды әр білім беретін мекеме жоғардағы көрсетілген ерекшеліктері бойынша таңдап алып, жұмысқа кірісті. Мен жұмыс істейтін мектеп жоғардағы аталған платформалардың ішінен zoom платформасын таңдады. Енді осы zoom платформасының артықшылықтарымен таныссақ.

• Бағдарлама жеке және топтық сабақтарға өте ыңғайлы, оқушылар компьютер және телефонмен сонымен бірге планшеттен де кіре алады. Сілтемесі немесе конференция идентификаторы бар кез-келген адам бейнеконференцияға қосыла алады. Іс-шараны алдын-ала жоспарлауға болады, сонымен қатар қайталанатын сілтеме, яғни белгілі бір уақытта тұрақты сабаққа кіру сілтемесін жасай аласыз.

- Өте жақсы байланыс. Менің тәжірибемде платформа істен шыққан бірде-бір жағдай болған жоқ.

- Платформа арқылы бейнематериалды экранға дыбысымен бірге шығаруға болады. Экрандағы бейнематериалды тоқтатып керекті жерін оқушыға түсіндіруге болады. Ұйымдастырушы өзге қатысушыларға экранға керекті материалды шығаруға рұқсат бере алады немесе шектеу қоя алады.

- Платформада интеграцияланған интерактивті тақта бар, экраннан тақтаға оңай және жылдам ауысуға болады

- Хабарламалар жазуға, файлдарды барлығына жіберуге немесе бір студентті таңдауға болатын чат бар. Чатты әр жиналыста автоматты түрде сақтауға немесе қолмен сақтауға болады (Чат → Қосымша → Чатты сақтау).

- Оффлайн сабақтағы сияқты оқушыларды бөліп, бөлек тапсырма беруге болады. Оқушыларды жұптарға және топтарға бөліп, оларды бөлек бөлмелерге - сессия бөлмелеріне (шағын конференциялар) бөлуге болады, мұнда олар тек бір-бірімен байланысады, қалғандары оларды көрмейді де, естімейді. Бөлме санын оқытушы анықтайды, қатысушыларды автоматты түрде немесе қолмен тағайындауға болады. Ұйымдастырушының бөлмелерде жүріп, онда не болып жатқанын тексеруге мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, қатысушыларды бөлмеден бөлмеге ауыстыруға болады [3].

Онлайн оқыту кезінде оқу мен оқыту процесінде үлкен кедергілер көрініс тапты. Осы кедергілерді жою мақсатында оқытудың түрлі әдіс тәсілдері қолданылды. Қолданыстағы оқу мен оқытуға арналған әдіс - тәсілдерді мұғалімдер онлайн оқытуға бейімдеді. Жаңартылған білім беруге негізделген келесі әдіс- тәсілдерді онлайн оқуға қолдаған тиімді олар:

- «Джигсо» әдісі. Мақсаты: Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту. Тиімділігі: Ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

- «Ыстық орындық » әдісі. Мақсаты: Оқытуда оқушы белсенділігін арттырумен қатар әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау. Тиімділігі: Оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі.

- «Кинометафора» әдісі Мақсаты: Оқушының ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту. Тиімділігі: Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды.

- «Сұрақ ілмегі» Мақсаты: Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру. Тиімділігі: Оқушы сабақтың қай бөлігін немесе тақырыпты түсінбеген болмаса сабақ төңірегінде ойландырып жүрген сұрақтарын ашық айтады [4].

Енді мен өз тәжірибемде zoom платформасының артықшылығын пайдалана отыра, жаңартылған оқу бағдарламасына негізделген әдіс- тәсілдерді онлайн оқытуға интеграциялай отыру арқылы қолдануымен бөліспекпін.

Мысалы біз «Джигсо» әдісін оффлайн оқыту кезінде тиімділігін жақсы білеміз. «Джигсо» әдісін пайдалану үшін оқушыларды топқа бөліп берілген тапсырманы сол топтарға бөліп беріп, әр топтан елші шығары топта талқыланған тақырыптың бөлігін келесі топқа түсіндіру арқылы оқушылар өз білімдерін арттыратын әдіс. Осы әдісті zoom бағдарламасының мүмкіндігін пайдалана отырып бөлінген әр топты жеке бөлмелерге жіберіп, бағдарламаның ішінде топқа бөлу арқылы жүзеге асыруға болады. Өз тәжірибемде «Джигсо» әдісін zoom платформасында қалай пайдаланғаныма мысал келтіре кетсем. Мен физика пәнінің мұғалімімін. Физика пәнінің есептерін шығаруда оқушылардың қызығушылықтарын оята алмасақ, онда оқушылардың есеп шығаруға деген құлқы болмайды. Оқушының есепке деген қызығушылығын арттыру мақсатында және онлайн оқытуда жаңартылған білім беруге негізделген «Джигсо» әдісін төмендегедей қолдандым.

10 - сыныпта 12 оқушы бар. Осы оқушыларды үш топқа бөліп төрт- төрт оқушыдан zoom платформасының бөлмелеріне отырғыздым. Әр топқа жеке-жеке атау бердім 1- топ

«Формулалар елі» 2- топ «Мәтін елі» 3- топ «Нүкте елі». Осы атаулар бойынша мысалы 1- топқа бүгінгі есеп шығаруға қажетті формулалар жиынтығын және физикалық шамалардың белгіленуімен өлшем бірліктер жазылған парақша берілсе, 2- топқа әр топқа негізделген үш есептің мәтіні беріледі. Ал 3- топқа есептердің шешімінің сандық мәндері берілген. Осы тапсырмаларды оқушылар қабылдап алып 3 мин топпен ақылдасып, әр топ өз елшісін келесі топтарға жібереді. Оқушыларды келесі топқа көшіру үшін тағы zoom бағдарламасының артықшылығын пайдалану арқылы ұйымдастырушы келесі топқа өткізеді. Осылайша мәтін елінен шыққан елшілер әр топқа есептердің мәтінін апарса, формулалар елінен шыққан елшілер әр топқа есепке қажетті формулалар жеткізеді, Нүкте елінен шыққан елші әр топқа есептердің шешімінің сандық мәнін апарды, демек бұл оқушылар шығарған есебін тескеруге көмекші деген сөз. Оқушылар күш біріктіре отырып топқа тиісті есепті шығарады және шығарған есептің шешімін нүкте тобы алып келген сан мәнімен салыстыра отырып есептің нүктесін қойып мұғалімге тескеруге жібереді.

«Ыстық орындық» әдісін де қоланылуымен таныстыра кетсем. Онлайн оқыту кезіндегі қиыншылықтардың бірі оқушылар онлайн байланыс кезінде камераларын қоспай отырады. Бұл мұғаліммен оқушы арасындағы қарым- қатынасты тежейді. Осы қиындықтан құтылу үшін «Ыстық орындық » әдісін пайдаланып әр ерікті оқушыны ыстық орындыққа отырғызып сұрақ қоюға немесе оқушының өзін сыныпқа сұрақ қойғызуға болады. Онлайн оқыту кезінде оффлайндағыдай оқушыны сынып алдына шығарып орындыққа отырғыза алмаймыз. Демек онлайн оқытуда «Ыстық орындық » әдісін қоланғанда оқушы өз камерасын қосып қоюға міндеттеледі осылайша біз оқушымен тікелей қарым-қатынасқа түсе аламыз.

Онлайн оқыту кезіндегі тағы бір қиындық физикадан зертханалық жұмыстардың орындалуы болып табылады. Физикадан зертханалық жұмыстардың көбі орындаламай қалып жатқаны жасырын емес, себебі онлайн оқытуда кейбір зертханалық жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік ережесін қатаң сақтауымыз керек, ал оқушы үй жағдайында жасауға рұқсат етілген жұмыстарды орындауға құрал- жабдық тапшы болады. Осындай зертханалық жұмыстарды мұғалім бейнематериал ретінде дайындап оқушыға жіберіп оқушы бейнематериалды толық қарап шыққаннан кейін, «Кинометафора» әдісін пайдалану арқылы Google формада бейнематериалға негізделген танымдық тест тапсырмаларын құру арқылы кері байланыс жүргізуге болады. Осы «Кинометафора» әдісіне негізделген жұмысым төменде.

Зертханалық жұмыстың бейнематериалы:




Зертханалық жұмысқа тест сұрақтар:



«Сұрақ ілмегі» әдісін zoom платформасын пайдаланана отырып жүзеге асыруға болады. Zoom платформасындағы чатты пайдалану арқылы оқушы мұғалімге жеке сұрақ қоя алады. Өткен тақырып бойынша осылай мұғалімге жеке хабарлама қалдыру арқылы кері

байланыс жасауына болады. Жаңартылған білім беруге негізделген жаңа әдіс-тәсілдерді онлайн оқытуға интеграцияласақ онлайн оқытудың тиімділігін арттыруға болады. Онлайн оқытуда кездесетін кемшіліктерді жаңартылған білім беруге негізделген әдіс- тәсілдері арқылы жоюға болатындығын мен өз тәжірибем арқылы дәлелдеп отырмын. Мысалы «Джигсо» әдісін zoom платформасының артықшылығын пайдаланып жоғарыда айтқанымдай қолдануға болады. Осы әдістің нәтижесінде оқушылардың есеп шығаруға деген ынтасы артып, ұжымда жұмыс істеуге бейімделді. Мен қолданған «Джигсо» әдісін түрлендіруге болады. «Ыстық орындық» әдісін пайдаланып оқушыларға камераларын қостырып тікелей байланыс жасау арқылы оқушылардың сұрақ қою және сұраққа жауап беру құзіреттіліктерін арттыруға болады. Онлайн оқыту кезіндегі тағы бір қиыншылық ол зертханалық жұмыстардың орындалуы. «Кинометафора» әдісін пайдаланып зертханалық жұмыстарды бейнематериал ретінде оқушыларға жіберіп Google формада құрылған сұрақтар арқылы, дайындалған бейнематериалдарға кері байланыс жасап, оқушының зертханалық жұмыстың мақсаты мен орындалу ретін түсінуіне жағдай жасауға болады. Аталған және басқа да жаңартылған оқуға негізделген әдіс-тәсілдерді онлайн оқытуда пайдаланып жүргізген жұмысымның нәтижесін төмендегі диаграммадан көре аласыздар.



Сурет 1 - 10-сыныптың білім сапасы

Диаграммада көрсетілгендей бірінші және екінші тоқсандағы білім сапасы үшінші тоқсандағы білім сапасынан төмен. Себебі мен бірінші және екінші тоқсанда онлайн оқыту барысында аталған әдіс-тәсілдерді сабағымда қолданған жоқпын, дәстүрлі форматта сабақ жүргіздім. Ал үшінші тоқсанның басынан бастап осы аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жүргіздім. Өздеріңіз көріп отырғандай білім сапасы көтерілген. Білім сапасының көтерілуіне оқушылардың сабаққа деген ынтасының артуымен және оқушылардың бір-біріне көмектесуімен, яғни бірлесе отырып ұжымдық жұмыс жасауымен түсіндіре аламын. Демек, біз оқушыларды түрлі әдіс- тәсілдер арқылы сабағымызға қызықтыра алсақ онда онлайн оқытуда да жақсы нәтижеге жетуге болады деген сөз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://oqu-zaman.kz/?p=35467>
2. <https://atameken.kz/kk/news/35282-kak-bystro-adaptirovat-sya-k-onlajn-obucheniya>
3. <https://skyteach.ru/2019/01/14/zoom-platforma-dlya-provedeniya-onlajn-zanyatij/>
4. <https://adisteme.kz/zhangartyilgan-bilim-beru-mazmunyi-boyyinsha-okyitdagyi-zhanga-adis-tasilder.html>
5. <https://ust.kz/>

6. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.